Қосымша №1.14

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

(ЛОТ № 14)

Тауардың атауы: Bartington Grad601-2 Dual Sensor Gradiometer (екі датчикті магниттік градиометр).

№	Тауардың атауы мен техникалық сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Саны
1	Екі датчикті магниттік градиометр. Археологиялық ескерткіштерде қазбаға дейін магниттік барлау жүргізуге, жер астындағы құрылымдардың ықтимал іздерін анықтауға және магниттік аномалиялар картасын жасауға арналған. Өлшеу параметрлері. Феррозондтық екі датчикпен магнит өрісінің тік градиентін бір мезгілде өлшеу. Әр датчиктің тік өлшеу базасы – 1 м. Диапазондары – ±100 нТл және ±1000 нТл. Тор бойынша түсірілімде тіркеу қадамы тиісінше 0,01 нТл-ден және 0,1 нТл-ден аспайды. Деректерді тіркеу. Тор бойынша түсірілім және нақты уақыт режимінде дерек беру, датчиктерді электрондық реттеу. Қуат өшкенде деректі сақтайтын жад – кемінде 125 000 өлшем. Жинақтамасы. Екі датчик, бекіту арқалығы, деректерді тіркеу блогы, автономды қорек блогы, зарядтау құрылғысы, компьютерге қосу кабелі немесе адаптері, тасымалдау аспасы, қорғаныш кейсі және пайдалану нұсқаулығы. Бағдарламалық қамтамасыз ету. Геофизикалық деректерді өңдеу бағдарламасының толық нұсқасына 1 лицензия. Бағдарлама аспап деректерін импорттауды, түсірілім торларын біріктіруді, деректерді сүзуді, жолақтық артефактілер мен өлшеу жолдарының ығысуын түзетуді және екі өлшемді карта жасауды қамтамасыз етуі тиіс.	дана	1

Жеткізу және қабылдау шарттары

• **Жеткізу мерзімі** – шартқа сәйкес.

• **Жеткізу орны** – Түркістан қаласы, «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КеАҚ.

• Жабдық жаңа, пайдаланылмаған және толық жинақталған күйде жеткізіледі.

• **Кепілдік мерзімі** – жабдық жөнелтілген күннен бастап кемінде 12 ай.

• Қабылдау кезінде жинақтамасы мен жұмысқа жарамдылығы, лицензияның іске қосылуы және сынақ деректерін импорттау мүмкіндігі тексеріледі. Жеткізуші техникалық және кепілдік құжаттарын, лицензияны іске қосу деректері мен орнату нұсқаулығын ұсынады.

Ғылыми зерттеу орталығының басшы м.а. **Г. Аширбек**